

Байгунаков Д.С.¹, Сабденова Г.Е.²

¹тарих ғылымдарының докторы, ²тарих ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

ЖАРТАС СҮРЕТТЕРІНІҢ БІЛГІРІ, АРХЕОЛОГ З. САМАШЕВ 70 ЖАСТА

Bajgunakov D.S.1, Sabdenova G.E.2

¹Doctor of Historical Sciences, ²Candidate of Historical Sciences,
al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Expert in rock paintings, archaeologist Zeynolla Samashev 70 years old

Байгунаков Д.С.¹, Сабденова Г.Е.²

¹Доктор исторических наук, ²кандидат исторических наук,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы

Знатоку наскальных рисунков, археологу Зейнолле Самашеву – 70 лет

Күні кеше ғана белгілі археолог, петроглифтердің білгір маманы, тарих ғылымдарының докторы, Германия археология институтының мүше-корреспонденті Зайнолла Самашев мерейлі 70 жасқа толып, өзінің тағы бір белесін атап өтті.

Ол 1947 жылы 17 қарашада Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Бестерек ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Өскемен педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. Студенттік жылдары археологиялық экспедицияларға қатысып, белсенділік танытқан. Алғаш рет 1967 жылы далалық ізденістерге қатысып, болашақтағы археология мамандығына қадам басқан. Институтты бітіргеннен соң Ұлан ауданындағы Ленинка ауылындағы мектепте тарих пәнінен сабақ берген (1970-1977 жылдары). 1977-1980 жылдары Өскемен педагогикалық институтында оқытушылық қызметте болған. Мектепте де, институтта да ұстаздық еткен жылдары археология саласынан қол үзбей, бірқатар археологтармен, мамандармен араласып тұрды, көптеген аға буын археологтармен достасты. 1980 жылы археологиямен нақты әрі кәсіби тұрғыдан шұғылдану мақсатында Алматыға қоныс ауда-

рып, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтына лаборант болып қызметке тұрады. Содан кейін осы институтта 1991 жылға дейін кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі дәрежелеріне дейін көтеріледі. Бұл институттан «Археология институты» бөлініп шыққаннан кейін З. Самашевтің өмірінің негізгі бөлігі 1991-2010 жылдары Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында өтті, әлі де өтіп келеді, мұнда ол аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтындағы алғашқы қауымдық археология бөлімінің меңгерушісі (1988-1991), Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ерте темір ғасыры мен алғашқы қауымдық өнерді зерттеу бөлімінің меңгерушісі (1991-2009) болған жылдары көптеген жастарды археология саласына тарта білді.

Меңгерушілік қызметтен кейін Астана қаласына көшіп, 2010-2012 жылдары осы Институттың Астана қаласындағы филиалын басқарды. Қазіргі таңда филиалда, өзге де

қоғамдық ұйымдарда кеңесшілік қызметтер атқаруда. Қосымша Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры болып, Қазақ мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері болып та қызметтер атқарып келеді.

З. Самашевты ғылыми жұртшылық бірінші кезекте жартаc шимайларының білгір маманы ретінде жақсы біледі. Өйткені тарихтың түрлі тарихи-мәдени кезеңдерін ғалымның кандидаттық та, докторлық та диссертацияларының тақырыптары археологияның осы саласымен тікелей байланысты. Оның тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертациясы кейіннен толығып 1992 ж. «Наскальные изображения Верхнего Прииртышья» атты монография болып жарияланды. Онда автордың 1971-1983 жылдардағы Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы Ұлан, Күршім, Марқакөл, Зайсан аудандарындағы зерттеген жартаc суреттері жүйеленді. Автордың айтуынша, шартты түрде Ертіс өзенінің жоғарғы алабындағы жартаc суреттері орындалу техникасы бойынша екі түрге бөлінеді: біріншісі, жазулар, яғни қызыл немесе қарақоңыр жосамен боялып түсірілген суреттер; екіншісі, петроглифтер, яғни таспен немесе металл құралдармен қашалып түскен суреттер. Дегенмен олардың арасындағы жазулар өте сирек кездеседі, негізгі бөлігі петроглифтерден тұрады. Аталған еңбегінде З. Самашев ең алдымен бірінші тарауда Шығыс Қазақстандағы жартаc суреттерінің зерттелу тарихын қарастырып шығады. Әр жылдары зерттеулер жүргізген мамандардың ізденістерін бір ізге түсіреді. Бұдан соң екінші тарауда Ертіс алабының жоғары алабындағы ескерткіштерге тоқталады. Үшінші тарауда ескерткіштердің хронологиясы мен синхрондалуы мәселелерін қарастырады. Сонымен қатар энеолит және қола дәуірлері, саққа дейінгі және ерте сақ уақыты, дамыған сақ заманы, ерте орта ғасырлар кезеңі сынды тарихи-мәдени замандардағы жартаc суреттерін талдап шығады. Ал төртінші тарауда семантикаға ден қояды да, интерпретацияның кейбір сауалдарын өрбітіп береді. Зерттеуші үндіеуропалық, үндіран, түрік-моңғол халықтарындағы әдебиет, мифология, этнография, фольклор, дүниетаным, мәдениет, т.б. ғылым салалары материалдары негізінде жартаc суреттерін талдап шығады да, ерте замандардағы кейбір танымдық түсініктерді қалпына келтіреді.

Ал 2010 жылы қорғаған докторлық диссертациясының тақырыбы «Наскальные изображения Казахстана как исторический источник» деп

аталды. Археологияға негізделіп, деректанулық тұрғыдан жазылған бұл еңбегін ғылыми жұртшылық жоғары бағалады. Бұл ізденісінде зерттеуші неолиттен бастап ХХ ғасыр бас кезіне дейін жартаcтарға түскен суреттерді қамтыды. Ғалымның еңбегінің географиялық ауқымы да кең, ол Қазақ Алтайынан бастап Каспий теңізіне дейін араларында Сарыарқа көсіліп жатқан Мұғалжар тауларынан бастап батыс Тянь-Шань сілемдеріне (Қаратау, Қырғыз және Талас жоталары) шейін орасан зор аймақтың жартаc суреттерін таразылап шықты. Сонымен қатар оның ізденісінде Моңғол және Ресей Алтайы, Қытай Шыңжаңы, Қырғызстан мен Өзбекстан материалдары да қамтылған. Бірнеше тараулардан тұратын бұл ғылыми жұмысында зерттеуші Қазақстанда петроглифтанудың қазіргі жай-күйін, петроглифтер хронологиялық атрибуциясының мәселелерін, тас және қола ғасырларының петроглифтерін, ерте темір ғасырының жартаc суреттерін, тас және қола ғасырлары жартаc суреттерінің семантикалық талдау тәжірибесін, ерте темір дәуірі мен ортағасырлық жартаc суреттеріндегі сюжеттік мән-мағынаның мазмұнын бағамдап шықты. Жұмысында ғалым петроглифтанудағы өзекті сауалдарды, теориялық-методологиялық мәселелерді нақты көтере білді. Сан алуан тақырыптардағы көріністер, жартаc суреттеріндегі түрлі бейнелер ілкі замандардағы тайпалар мен халықтардың өткенінен хабар беретіндігін айта келіп З. Самашев бірқатар дүниелерді дәстүрлі қазақ мәдениетімен, этнографиясымен, фольклорымен, діни-философиясымен байланыстырып, көне дәуірлердегі Далалық өркениетпен астасып жатқан сауалдарды сараптамадан өткізе білді.

Ғалымның Шығыс Қазақстан аумағындағы Берел ескерткіштерін зерттегендігін де көпшілік жақсы біледі. 1997-2006 жылдары бұл қорымда қарқынды жұмыстар жүргізілді және ол кейінгі жылдары жалғасын тапты. Әр жылдары өзіндік ғылыми жемістерге тола болды. 1998-1999 жылдары Берел қорымында №11 және №18 обаларға археологиялық қазба жұмыстары жүргізген. Зерттеу жұмыстары археологтармен қатар палеоботаниктер, тонды зерттеушілер, топырақтанушылар, геологтар, архитекторлар, палеозоологтар, этнографтар, генетиктер және реставраторлармен бірігіп, кешенді түрде жүргізілді. Зерттеу барысында негізінен ескерткіштердің құрылыс кешендеріне көп назар аударылды. 2002-2004 жылдары зерттеу жұмыстары жалғасын тауып, нәтижесінде №23, №31, №32, №36, №37, №38 обалар аршылады.

Зерттелген ескерткіштер темір және ерте түркі кезеңімен мерзімделген. Зерттеу жұмыстары барысында ерте көшпелілердің жерлеу-ғұрыптық дәстүріне, өнеріне, материалдарды өңдеу тәсілдеріне қатысты маңызды да бірегей деректер алынған. Берел ескерткіштері қазіргі таңда ашық аспан астындағы музейге айналдырылып, келер ұрпаққа өткен заманның тарихи мұрасын сол күйіне жеткізу мақсатында қызмет етіп жатыр. Бұл жерде З. Самашевтің еңбегі зор әрі өлшеусіз екендігін баса айтқымыз келеді.

З. Самашев зерттеуге қатысқан әрі ұйымдастырған археологиялық нысандардың бірі Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық қаласы болып табылады. Бұл ортағасырлық қала халқымыздың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін, елдік пен ерлікті дәлелдейтін, бабалар аманатына адалдықты айғақтайтын киелі шаңырақ ретінде көпшілікке кеңінен танымал. Одан кейін З. Самашев қазақ халқының заттай мәдениетінен молынан ақпарат беретін құлпытастарды зерттеуге де өз үлесін қосты. Моңғолия жеріне археологиялық экспедициялар ұйымдастырып, көне түркілердің ескерткіштерін зерттеумен де шұғылданды. Алматы қаласы маңындағы Боралдай сақ қорғандарын, Ұлжан ерте темір дәуірі обаларын зерттеуге де жетекшілік етті. Боралдай сақ обаларын музейлендіру мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерді.

Біз шолу жасап кеткен дүниелер ғалым зерттеулерінің бір парасы ғана. 250 шақты ғылыми жарияланымдардың авторы ретінде алар болсақ, оның ғылыми ізденістері Орталық Азия аумағындағы ежелгі және орта ғасырлардағы сан алуан мәселелерді қамтиды. Ол 1990 жылдан бастап бірқатар тарихи-мәдени жобалардың жетекшісі болды, олардың арасында жоғары аталған археологиялық нысандармен қатар Аралтөбе, Қызылүйік, Токсанбай, Қосқұдық, Сауысқанды, Сарыкөл сынды ескерткіштерді зерделеген бірқатар жобалар бар. Қазақстан археологиясының жетістіктерін көрсету мақсатында ол бірнеше көрмелердің ұйымдастырылуына да мұрындық болды. Мұндай көрмелер Сеул, Сан-Диего, Хьюстон, Берлин, Гамбург, Мюнхен, Киев, Мәскеу, т.б. қалаларда өткен болатын.

Қазіргі таңда Зайнолла Самашев ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, «Платинді Тарлан» тәуелсіз сыйлығының иегері (2001), Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданының құрметті азаматы» (2008).

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы Зайнолла Самашевті 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды. Оған толағай табыс, зор денсаулық, қажымас қайрат тілейді!